## *СРС Фольклор және ауыз әдебиеті*

# Шешендік өнер

# 2. Қазақ шешендік өнерінің ерекшеліктері.

- **<u>Біріншіден:</u>** қазақ шешендерінің сөздері қағазда емес, ауызда, халық жадында сақталған. Сондықтан олар сол бастапқы қалпында емес, ұрпақтан –ұрпаққа көшіп, өңдеуге көп ұшыраған.

- **Екіншіден:** шешендердің сөздері бүкіл қазақ еліне тарағандықтан, өзгеріспен әр жерде әр түрлі адамның атынан айтылатындығы. Демек, шешендік сөздерді алғашқы айтушы жеке адамдар болғанымен, оны кейін өңдеген де, сақтаған да халық болды, сондықтан оның авторы да - халық.

# 3. Шешендік сөздердің түрлері

*а) Жаңа сөздермен жұмыс.*

- арнау – посвящение
- толғау – размышление
- дау-спор
- сын – критика
- әзіл – шутка
- бата- пожелание
- нақыл – изречение, назидание
- мысал – басня
- заттық – вещественный
- рухани- духовный
- әдет-обычай
- құндылық – ценность
- тапқырлық - находчивый

# Шешендік сөздердің түрлері

Шешендік сөздердің түрлері

- Шешендік арнау
- Шешендік толғау
- Шешендік дау

# Шешендік арнау



# Шешендік толғау



# Шешендік дау

# Шешендік сөздердің құндылығы

Шешендік сөздердің құндылығы

- шындығы
- тапқырлығы

# Қазақ халқының атақты шешен-билерімен танысу

# Төле би 1663 - 1756



- Қазіргі Жамбыл облысындағы Шу өзенінің жағасында, Жайсаң жайлауында дүниеге келген, 1756 жылы Шымкент облысы, Ленгір ауданының Ақбұрхан деген жерде қайтыс болған. Қазақтың қоғам қайраткері, атағы жер жарған шешені, Ұлы жүздің бас биі, "Жеті жарғыны" жасаушылардың бірі. Құдайберді әулетінің өкілі болып табылатын Әлібекұлы Төле биге дейін ешкім би де, бай де болмаған. Төле бидің ата-бабалары қарапайым шаруалар екен.

# Қазыбек би 1667 – 1763



- Қазақтың атақты биі. Қазақ жүздерін басқаруды реттеу ниетімен Тәуке хан Ұлы жүздің биі етіп Төле биді, Кіші жүзге Әйтеке биді, Орта жүзге Қазыбек биді тағайындайды. Халық ауыз әдебиетінде сақталып қалған аңыздар мен кейбір архивтік мәліметтер бойынша, Қазыбек би Келдібекұлы "Тәуке хан заңдарының жинағын" өңдеуге қатысқан

# Әйтеке би 1689 - 1766



- Әйтеке Байбекұлы - қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері. Әлім тайпасының Төртқара руынан шыққан. Әмір-Темірдің бас кеңесшісі Ораз қажының бесінші ұрпағы. Бүкіл парсы, өзбек, қырғыз, қазақ жұрты "Синесоф буа" (жаны пәк жан) атаған Сейітқұл әулиенің үшінші ұрпағы. Әбілқайыр ханға дейін Кіші жүздің сөзін ұстаған қазақтың биі. Есім хан тұсында Самарқанды билеген Жалаңтөс батырдың немересі. Бұл би де Тәуке ханның ұлы заңы «Жеті жарғыны» жасауға қатысқан.

# Ұлағатты сөздер сайысы.

- Жақсы сөйлеу – жай ғана естіртіп жақсы ойлау деген сөз. (Э.Ренан).
- .... Сөз өнері, сөз жоқ , ардың ісі. (М.Шолохов)
- Адам сөзді шындай білген жағдайда ғана шешен болады. (Қайқауыс).
- Тіл неғұрлым қарапайым болса, ол соғұрлым тартымды, көркем болады, соғұрлым жақсы ұғына аласың. (М.Горький).
- Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. (М.Әуезов).
- Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт – санасының белгісі. ( Б.Момышұлы).

# “Вен” диаграммасымен жұмыс



# Үйге тапсырма:

- Билер туралы қысқаша әңгіме бойынша түсінік.
- Шешен – билердің сөздерін жаттау.